

ӘӨЖ 655(575)

Қ. Мухатаева

Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: adonis.km@mail.ru

Заманауи кітап нарығы мен кітап тарату жүйесі

Мақаланың мақсаты Қазақстан кітап басылымдарына талдау жасай отырып, негізгі бағытын және болашағын айқындау. Қазақстандық кітап тарату жолдары, кітап ассортименті және кітап нарығы туралы талдаулар жасалады.

Түйін сөздер: кітап тарату, кітап сауда нарығы, баспа ісі, кітап басу саласы.

K. Muhataeva

Modern book market and book distribution system

The aim of this paper is the analysis of the current status, the main direction and prospects of development of knigorasprostroneniâ and the book market of Kazakhstan.

Keyword: book distribution, book trade, publishing, book publishing

К. Мухатаева

Современный книжный рынок и система книгораспространения

В статье проводится анализ современного состояния, основных направлений и перспектив развития книгораспространения и книжного рынка Казахстана.

Ключевые слова: книжная торговля, книгораспространение, издательское дело, книгоиздательство.

Ғасырлар бойы адам баласымен бірге жасап, бірге дамып келе жатқан кітаптың біздің рухани өмірімізден алатын орны ерекше бағаланып келеді. Л. Толстой «Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласқанмен бірдей» десе, М.Горький «Мен өз бойымдағы барлық жақсылығым үшін кітапқа борыштымын» деген, ал, М. Әуезов «Көп жасаған білмейді, көп оқыған біледі» деп баға берген. Кітаптың сондай қасиеттерін ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл кітаптың рухани атқаратын қызыметі десек, біз сөз еткелі отырған оның экономикалық, әлеуметтік өмірінде алатын орны, кітап таратудың жолдары қарастырылады.

Қазіргі заманда кітаптың шығарылуы, оқылуы және таратылуында біраз қол жеткізген табыстарымызбен бірге шешуін тосып тұрған келелі мәселелері де бар.

Бізде баспа индустриясының нашар дамуына байланысты, қаржы айналымының негізгі бөлігі кітап саудасымен айналысатын компаниялар үлесіне (көтерме сауда, бөлшек, сауда желілер және ірі дүкендер, кітап лавкалары мен лотоктар) келеді. Ірі дүкендер кітап саудасы кәзіргі кезде сауда айналымының басым бөлігін (60,0%) қамтамасыз етеді, сондықтан кітап дүкендерінің қысқартылуы баспагерлерге зиян

келтіруі мүмкін. Кәзіргі кезде Қазақстанда әрбір 50000 тұрғынға 1 кітап дүкені келеді. Өкінішке орай, кітап дүкендері, басқа сауда дүкендерімен (азық-түлік, парфюмерия, киім-кешек) бәсекеге түсе алмайды, кітап дүкендерінің табыстары басқалардан төмен болғанына қарамастан, сауда алаңдарын жалға алу құны басқалармен бірдей.

90-жылдардың басында, Алматыда, өз тауарларын майда лотоктар арқылы саудалайтын кітап саудагерлерімен қатар, тауарларын «Академкнига» дүкендеріне өткізетін ірі кітап ұсынушы ұйымдар болған. «Академкнига» дүкендеріне өз кітабын ұсынушылардың бірі кейіннен өзінің жеке кітап саудасымен айналысатын «Экономик'С» фирмасын құрды, екіншісі «МИС» кітап саудасы фирмасын ұйымдастырды.

Алматыдағы кітап саудасы нарығындағы негізгі «ойыншылар» – «Эврика» дүкендер желісі, «Гулянда» сауда үйі, «Алматыкітап» дүкендері, «Экономик'С» дүкендер желісі (Алматыда, Астанада және Ақтөбе, Шымкент, Тараз қалаларында дүкендері бар), «Руханият» дүкені, «Раритет» компаниясының «Книжный мир семьи» дүкені, «Кітап Әлемі» дүкендері. Сонымен бірге, 5-6 сауда нүктелері бар бір, екі жеке кәсіпкерлер (негізінен пәтерлерді дүкендерге айналдырған) және лоток арқылы сауда жасайтындар, кейбір бағалаулар бойынша коммерциялық көркем әдебиеттер саудасының 30-40 пайызын иеленіп отыр. Соңғы кездері бұрын аудио-видео өнімдерін шығаратын ірі «Меломан» ритейлері кітап саудасына қызығушылық таныта бастады.

«Меломан» сауда желісі аз уақыт ішінде Қазақстандағы кітап саудасы нарығының 8%-ын иеленіп отыр. Кәзіргі кезде Қазақстан бойынша маманданған үш кітап дүкені, «Меломан» дүкендер жүйесі жанында 44 кітап саудасы бөлімдері жұмыс істейді. Сауда алаңдары 50 ден 600 шаршы метрге дейін жетеді. Компанияның Алматыда, Астанада, Екібастұзда, Оралда, Атырауда, Қарағандыда, Қостанайда, Өскеменде, Семейде, Зыряновскіде, Таразда, Шымкентте, Павлодарда сауда орындары жұмыс істейді.

Қазақстандық кітап саудасы нарығында «Академкнига», «Bookmarket», «Гулянда» сияқты ойыншылармен қатар, ресейлік «Книжный город» бәсекеге түсуде.

2008 жылы Алматыда Bookmark жаңа кітап дүкені ашылды, сол жылдың желтоқсан айында, сауда алаңы 1000 шаршы метрден асатын, тағы бір аса ірі «Книжный город» дүкені ашылды.

2009 жылдың көктемінде «Книжный ОСТА» дүкені мен 700 шаршы метрден сауда алаңы бар, 60 мыңнан аса атаулы кітап ассортиментін ұстап тұра алатын «Гулянда» дүкендері ашылды. Дүкенге сатып алушыларды тарту мақсатында, дүкен ішінде интернет-кафе, балалар ойнайтын алаң ашылған. Кәзіргі заманғы құралдармен жабдықталған кітап дүкендерінде электронды іздеу жүйесі жұмыс істейді, онда әрбір кітаптың тұрағы көрсетілген. Кітаптарды осы жүйе арқылы «Booking», «Bookmark», «Книжный город», «Гулянда» дүкендеріне тапсырыс беруге болады. Тұтынушылар үшін бұл қызмет түрі тегін, ал тапсырысты орындау мерзімі, қазақстандық баспалардан шыққан кітаптар үшін – екі күнге дейін, ал кітапты Ресейден іздеу керек болса – 14-тен 30 күнге дейінгі аралықты қамтиды. Тек Booking дүкендер жүйесі күн сайын оннан аса, ал «Гулянда» дүкенінде күн сайын елуден аса тапсырыстар қабылданады.

Жоғарыда аттары аталған кітап саудасы компанияларының Астана мен облыс орталықтарында сауда нүктелері бар. Соның бірі – Қарағанды қаласын алсақ, бұл өңірде сатып алушылар белсенділігі ерекше жоғары, бұл қалада кітап саудасы жүйесі жақсы дамыған, кітап саудалаушылар арасында өзара бәсекелестік бар.

«Экономик'С» кітап саудасы фирмасы 1992 жылдан бері ресейлік және қазақстандық баспалардан шыққан кітаптарды таратуға маманданған. Олар Қазақстанда бірінші болып, іскерлік тақырыптағы кітаптарды таратуға кіріскен, кәзіргі кезде «Экономик'С» кітап дүкенінің ассортиментінде, Ресейдің, Қазақстанның және ТМД елдерінің баспаларынан шыққан іскерлік тақырыптағы және аударма әдебиеттерінің толық жиынтығы бар. Бүгінгі таңда олардың Астанада, Ақтөбеде, және Қызылордада филиалдары жұмыс істейді.

Қазақстанның көптеген қалаларына ресейлік кітап өнімдері Алматы арқылы емес, жақсы реттелген жеке каналдар арқылы таратылады. Мысалы, Қостанайға ресейлік кітаптар Челябинск және Свердловск қалаларынан жеткізіледі. Атырауға – Астрахан арқылы, Петропавловскіге – Омбы арқылы, Павлодар, Көкшетау, Семей, Өскемен, ішін ара Қарағанды қалаларына Новосибирск арқылы жеткізіледі. Астанадағы кітаптардың көпшілігі Екатеринбург арқылы әкелінген.

Алматыдағы кітап саудасы компаниялары тікелей Москва, Новосибирск қалалары арқылы

жұмыс істейді. Мысалы, «Экономик'С» компаниясы іскерлік тақырыптағы, оқу, компьютерлік тақырыптағы әдебиеттерді 35-тен аса ресейлік басылымдар арқылы жеткізеді, сонымен бірге, ресейлік он ірі баспалардың бірі, «Эксмо» баспасының осындағы өкілі болып табылады. «Алматыкітап» дүкені, ірі көтерме сауда «Книжный клуб 36,6» компаниясымен бірлесіп жұмыс істейді, ал «Эврика» дүкендері жүйесі, кейбір ресми емес мәліметтерге қарағанда, «Гулянда» сауда үйі Новосибирскідегі көтерме және жеке дара кітап саудасымен айналысатын, өз саудасын лоток желісі арқылы бастаған, «Топ-книга» ірі компаниясымен жұмыс жасайды.

Кейінгі бір жылдары Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы Алматы қаласы бойынша кітап нарығын зерттеп, өзінің талдауын жасады.

Жоғарыда айтылған, кітап саудасымен айналысатын мекемелердің қызметкерлері сұрас-тырылды. Мысалға:

«Алматыкітап» кітап дүкенінде – көбінесе қазақстандық кітаптар басым (55% құрайды), қалғандары ресейлік кітаптар – 45%. 2011 жылғы кітап өнімдерінің бағасы 2013 жылмен салыстырғанда, біраз ғана көтерілді. Қызметкерлерінің айтуы бойынша оқырмандар көбінесе балалар және көркем әдебиеттерді және оқулықтарды сатып алады;

«Гулянда» кітап дүкеніне келсек, осы дүкеннің қызметкерлерінің пайымдауы бойынша көбінесе шетелден келген кітап өнімдері басым (75 % құрайды), демек, қазақстандық кітап өнімдері – 25 % және де оқырмандар негізінен анықтамалық, көркем әдебиеттерді және оқулықтарды сатып алады. Кейбір кітап өнімдерінің ғана бағасы жылдан –жылға өсіп келеді;

келесі «Экономик'С» кітап дүкенінде қазақстандық басылымдардың барлық өнімдерінің 30% құрайды, ал қалған 70% кітаптар Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан әкелінген. Оқырмандар негізінен көркем және балалар әдебиетін және оқулықтарды сатып алады;

«Эврика» кітап дүкені қызметкерлерінің айтуынша, ресейлік кітаптар басым және 70% құрайды, демек, қазақстандық кітап өнімдері 30%. Оқырмандар негізінен балалар және көркем әдебиеттер алады. Кейінгі жылдары кітап өнімдерінің бағалары көтерілгені байқалады;

«Академкнига» кітап дүкенінде жоғарыда айтылған кітап дүкендерімен ұқсас жағдай. Көбінесе ресейлік кітап өнімдері басым (85%

құрайды), ал қазақстандық кітап өнімдері небәрі – 15%. Оқырмандар негізінен оқулықтар мен анықтамалық, көркем әдебиеттерді сатып алады.

Осы көрсеткіштерге қарамастан, қазақстандық әдебиет бөлігі біздің дара кітап саудасында өсіп келеді. Кітаптардың барлық түрлерінің ішінде 20% қазақстандық әдебиетті құрайды, ал балалар әдебиеті одан көбірек. Тағы айта кететін жағдай, кітап сату барысында да қазақстандық әдебиет 20% құрайды, бес жыл бұрын қазақстандық әдебиет 5-ақ % құраған. Кәзіргі жағдай, барлық кітаптардың сатылып кетуіне және сөрелерде қалмауын көрсетеді. Егер баспалар кітап нарығының сұранысын бақылап отырса, жақын аралықтарда қазақстандық әдебиет 30% құрайды, ал қолайлы болжамда – 50%-ға дейін көтерілуі мүмкін.

«Топ-книга» компаниясы, біздегі компанияларға, 50-60 мың кітап атаулары көрсетілген толық электронды прайс-парақтарын ұсынып отырады, бірақ бұл компания арқылы жеткізілетін кітаптардың бағалары, біздегі кітап саудагерлері үшін қомақты жеңілдіктер ұсынатын (25%-ға дейін), тікелей баспалардан алынатын кітаптарға қарағанда қымбат.

Коммерциялық көркем әдебиет баспаларының жаңа басылымдарын ұсынууда, лоток арқылы сауда жасайтындар оперативті қимылдайды. Көптеген лотокшылар кітап алып келуге өздері бармайды, олар керекті тауарларын Алматыдағы көтерме сауда қоймаларынан алады. Лотокшылар ассортиментінде 300-500 кітап атаулары ғана болатындықтан, тез сатылатын өтімді кітаптарды саудалайды, сондықтан олардың ақшалары тез айналыста болады. Ал кітап ассортиментінің көп түрімен жұмыс істейтін дүкендерде (Алматы бойынша сауда нүктелеріндегі орташа кітап атаулары 10 мыңнан 80 мыңға дейін жетеді), ақша айналымы ұзақ мерзімге созылады. Нарыққа қатынасушылардың болжауларына қарағанда, кітапты дүкен сөрелерінде жарты жылдан артық ұстау тиімсіз, сондықтан олар өз оқырмандарын ұзақ күтетін кітаптарды алып келуден бас тартады, ондай кітаптарды оқырмандардың арнайы тапсырыстары арқылы алдырады.

Қазақстандық кітап саудасы нарығының даму беталысы, кітап саудасының өсуі, ұлттық кітап баспасы нарығының әлсіздігіне байланысты, кітап ассортиментінің негізі ресейлік баспа өнімдері арқылы толықтылылуына тәуелді болып отыр.

Республикадағы барлық кітап саудасының

40 пайызы Алматы қаласына тиесілі, себебі осы жерде өте көп кітап дүкендері мен баспалар шоғырланған. Алматы кітап нарығындағы жылдық қаржы айналымын бағалаудағы мамандардың пікірлері біркелкі емес, біреулері оны 5—7 миллион доллар десе, екіншілері одан он есе артық, яғни 50 миллион долларды құрайды деп есептейді. «Оқырман Қазақстан 2007—2010» мемлекеттік бағдарламасы бойынша, Алматы кітап нарығындағы жылдық қаржы айналымы 50-60 миллион доллар деп бағаланған. Кітап саудасы нарығының өсуі жөнінде де бірыңғай келісім жоқ. Мысалы, «Книжный город» компаниясы жыл сайынғы өсім 10-15 пайыз болады десе, «Гулянда» кітап дүкендер жүйесінде көркем әдебиет пен іскерлік басылымдар бойынша өсім орта есеппен 20-30 пайыз, балалар әдебиеті бойынша — 50 пайыз, ал оқу құралдары бойынша өсім 50-70 пайызға жетеді деп есептейді.

Алматыдағы кітап саудасы нарығының соңғы жылдары белсенді түрде өскенінің куәсі ретінде, қалада ірі кітап дүкендерінің пайда болғандығын айтуға болады. Алдымен кітап нарығында ертеден келе жатқан ойыншылар «Академкнига», «Гулянда», «Экономик'С», «Эврика», «Эгида», «Книжный мир семьи», «Алматыкітап» және басқалары клуб типтес «Книгомания» дүкендерін жасақтады. Содан кейін, «Меломан» компаниясы, Алматыда және барлық Қазақстан аумағында Booking бренд маркасы бойынша өзінің кітап желілерін дамыта бастады. Жаңа дүкендердің тағы бір ерекшелігі, академиялық атмосферадан бас тартып, сатып алушылар үшін еркін әрі қолайлы жағдайлар жасалғандығында.

Бәсекелестіктің артуына байланысты, Алматы кітап дүкендері кітап бағаларын бірдей деңгейде ұстауға тырысуда. Кітап нарығына қатысушылардың барлығы бірін бірі ұдайы назарда ұстап, мониторинг жасап отырады. Сонымен бірге сауда саласындағы жаңалықтарға да көңіл аударып отырады. Мысалы Москваның ірі баспалары, тұрақты және ірі көлемде сауда жасайтын, сенімге ие болған кітап саудалаушы клиенттері үшін жеңілдіктер (орташа 15%-дан 25%-ға дейін) жасаумен қатар, төлемдерді бірден үш айға дейін созуға мүмкіндік береді.

Одақ кезіндегі бұрынғы байланыстар үзілген соң, москвалық кітаптармен сауда жасауды қайта бастаған дүкендердің бірі — «Академкнига» дүкені болды. Соңғы деректерге сүйенсек, бұл дүкеннің тұтынушылар арасындағы беделі,

«кітап клубының» бағалауы бойынша, бұдан бес жыл бұрынғыға қарағанда төмендеген. Бұл әрине кітап ассортиментінің тұрақты жаңартылып тұрмауына байланысты. Дегенмен, жоғарғы оқу орындарына арналған әдебиеттерді, философиялық, жалпы гуманитарлық циклдегі әдебиеттерді оқырмандар алдымен осы дүкеннен іздейді. Бағасы қымбат болғанымен, егер сізге Москвада бір апта бұрын шыққан кітап керек болса, бұрынғысынша оны «Академкнига» дүкенінен табу ықтималдығы жоғары.

«Алматыкітап» компаниясының Алматыдағы дамыған дүкендер желісі, іс жүзінде барлық оқырмандар тобының әртүрлі бағыттағы әдебиеттерге деген сұранысын қанағаттандыра алады. Сол сияқты Астана қаласында да «Алматыкітап» жаңа дүкендерін ашты.

«МиС» фирмасының қала бойынша кішкене кітап дүкендер желісі бар, олар жақын маңдағы тұрғындардың сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған. «МиС» фирмасы арнайы тақырыпқа маманданбаған, әртүрлі басылымдармен бірге, негізінен жылтырақ басылымдарды саудалаумен айналысады.


«Гулянда» сауда үйі басқаларға қарағанда, үлкен көрме алаңдары арқылы ерекшеленеді. Фирманың кітап ассортиментінде детективтер мен фантастика жанрдан бастап, оқулықтарға дейін бар. Сонымен бірге сауданы өзінің интернет-дүкені арқылы да жүргізеді.

«Экономик'С» фирмасы, біздегі кітап саудагерлерінің ішіндегі жүйелі түрде жұмыс жүргізетін, қазақстандық басылымдармен белсенді жұмыс жасайтын бірден-бір фирма. Фирманың аталуынан көрінгендей, ол экономикалық, заң салалары бойынша оқулықтар мен практикалық әдебиеттер сатуға маманданған. Алматы фирмаларының ішіндегі, Қазақстанның басқа қалаларында өздерінің филиалдарын ашып отырған алдыңғы қатарлы фирма, кәзіргі кезде оның Астанада да бірнеше дүкені жұмыс істейді.

«Экономик'С» фирмасы кітап саудасы нарығында, басқаларға қарағанда өркениетті жұмыс жасауға ұмтылады. Ол әртүрлі кітап саудасы конференцияларына қатысып, өзінің кітап саудасы хабаршысын тұрақты басып шығарады, сауданы интернет арқылы да жүргізеді.

Бүгінгі күнде бір салаға маманданған кітап дүкені жоқ, «Другой мир» дүкені эзотерикалық басылымдарды саудалайды, бір-екі дүкен компьютерлік әдебиеттерді сатады, бірақ кәзіргі кезде қалада ірі маманданған дүкендер жоқ.

Диаграмма - Сауда орындарындағы құрылымы және тауардың ассортименті бойынша ритейлердің % қатынасы



Кітап сатуда дара сауда желісі өкілдерінің мәлімдеуінше, дара сауда секторларының ішінде мыналардың болашағы зор деп есептейді: «азық-түлік тауарлары» – 57%, «құрылыс материалдары және жөндеу жұмыстары үшін тауарлар» – 55%,

«киім-кешек» – 47% және «аяқ киім» – 33%.

Қорыта айтқанда Қазақстандық кітап сауда жүйесі де заман ағымынан қалыспай жедел қарқынмен дамып келе жатқанын байқаймыз және де дами береді деген сенімдеміз.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының кітап жылнамасы -2012. – Алматы, 2013. – 789 бет.
- 2 Қазақстан Республикасының баспасөзі: статистикалық жинақ – 2012.- Алматы, 2013.-130 бет.
- 3 Сәрсенбаев М. Кітап тәуелсіздік пен демократия тұғыры. – Алматы: Атамұра, 1998.
- 4 Солоненко В.К. Оптимизация книготоргового ассортимента: Опыт прошлого и современные проблемы. – М., 2009.- 188с.
- 5 Шалгынбаева Ж. История казахстанской книжной культуры XIX-1917-1991-2001. – Алматы, 2009. – 328 с.

References

- 1 Yearbook books Republics Kazakhstan. -2012.-Almaty, 2013-789.
- 2 Seal of the Republic of Kazakhstan -2012.-Almaty, 2013. -130 with.
- 3 Sarsenbayev m. Pedestal book, independence and democracy. – Almaty: Atamura, 1998.
- 4 Solonenko V.k. Optimization trade assortment: the experience of the past and contemporary issues. M., 2009. – 188s.
- 5 Šalgynbaeva j. History of book culture of 19th 1917-1991-2001. – Almaty, 2009. – 328.